**Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесі отырысының**
**№ 02-09/4 ХАТТАМАСЫ**

**Өткізілу мерзімі мен уақыты:**
2026 жылғы 28 тамыз
сағат 15.00

**Өткізілу орны:**
Ақмол ауылы, Жеті жарғы көшесі, 6
«Әділет» партиясының ғимараты

Қоғамдық кеңестің отырысын Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасы Әлібек Жұматайұлы Сүлейменовтың төрағалық өкілеттігін тоқтатуына байланысты Қоғамдық кеңес төралқа мүшесі Махабат Сансызбаевна Ирешова ашып, жүргізеді.

**Төрағалық етуші М.С. Ирешова:**

**Құрметті ауданның Қоғамдық кеңесінің мүшелері!**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы өткізіледі.

Қоғамдық кеңестің **15** мүшесінің **8**-і келді (**1**-і онлайн режимде), **6**-ы дәлелді себептермен, **1**-і құрамнан шығу туралы өтініш жазуына байланысты қатыспайды.

Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысын **ашық** деп жариялау үшін дауыс берулеріңізді сұраймын.

Кім қарсы? Кім қалыс қалды? Жоқ.

Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің отырысы **ашық** деп жарияланады.

Отырысқа Қоғамдық кеңестің мүшелері қатысты.

Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесі отырысының жұмысына барлығы **8** адам қатысты.

*(қатысушылардың тізімі қоса беріледі)*

**Төрағалық етуші М.С. Ирешова**

**Құрметті ауданның Қоғамдық кеңесінің мүшелері!**

Қоғамдық кеңестің талқылауына мынадай мәселелер енгізіледі:

**1. Шығып қалғандардың орнына Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау.**
**2. Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау туралы.**
**3. Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелер этикасының қағидаларын бекіту туралы.**
**4. Басқа да сұрақтар.**

Күн тәртібі бойынша қандай ескертулер болады?
Осы күн тәртібін бекіту үшін дауыс берулеріңізді сұраймын. Кім қолдайды? Қарсы? Қалыс қалды? Жоқ.
**Күн тәртібі бекітіледі.**

**Төрағалық етуші: М.С. Ирешова:**

**Құрметті Қоғамдық кеңесі мүшелері!**

Отырыстың күн тәртібіндегі **бірінші мәселені** қарауға көшеміз.

**Шығып қалғандардың орнына Қоғамдық кеңес мүшелерін сайлау**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 02 қарашадағы № 383-V ҚРЗ Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес Ж. М. Бустановтың Қоғамдық кеңес мүшелерінің құрамынан шығуына байланысты құрамға **Айкерим Жаксыкельдиновна Утегенованы** резервтік тізімнен қосу туралы ұсыныс түсті.
Осы ұсыныс үшін дауыс берулеріңізді сұраймын.
Кім қолдайды? Кім қарсы? Қалыс қалды? Шешім бекітіледі.

**Төрағалық етуші: М.С. Ирешова:**

Айкерим Жаксыкельдиновна Утегенова Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшесі болып сайланды.

**Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**
Қоғамдық мүшелер санына қатысты менде сұрақ бар, әр 21 округ бойынша 21 Қоғамдық кеңес мүшесі сайлануы тиіс.

**Махабат Сансызбаевна Ирешова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**
Конкурс жариялаған уақытта бұл сұрақты қарастыратын боламыз.

**Төрағалық етуші: М.С. Ирешова:**

**Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері!**

Отырыстың күн тәртібіндегі **екінші мәселені** қарауға көшеміз.

**Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау туралы.**

«Қоғамдық кеңестер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес біз Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлауымыз қажет.

Қоғамдық кеңестің төрағасы оның мүшелері арасынан сайланатынын еске салғым келеді.

Қоғамдық кеңестің төрағасы лауазымына екі кандидатураны ұсыну туралы ұсыныс түсті:

1. **Сабыкенова Бибигул Алпысбаевна**
2. **Утегенова Айкерим Жаксыкельдиновна**

**Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**

Мен Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің төрағалығынан бас тартамын. Айкерім Жаксыкельдиновна Утегенованың кандидатурасына қарсы емеспін, бірақ бүгінгі күн тәртібінде бұл мәселе толықтай көрсетілмеген, Қоғамдық кеңестің бүгінгі отырысқа келмеген мүшелері төрағалыққа ұсынылып отырған кандидаттар тізімін білмейді. Сол себепті бұл сұрақты кейінге қалдыруды дұрыс деп есептеймін.

**Төрағалық етуші: М.С. Ирешова:**

**Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау туралы** мәселені келесі отырыста қайта қарастыру жөнінде **ұсыныс түсті**.

Осы ұсыныс үшін дауыс берулеріңізді сұраймын.

Кім қолдайды? Кім қарсы? Қалыс қалды? Ұсыныс қабылданды.

**Төрағалық етуші: М.С. Ирешова:**

**Құрметті Қоғамдық кеңес мүшелері!**

Отырыстың күн тәртібіндегі **үшінші мәселені** қарауға көшеміз.

**Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелер этикасының қағидаларын бекіту туралы**

Азаматтардың Целиноград ауданы қоғамдық кеңесі мүшелерінің этикасына қатысты өтініштерінің жиілеуіне байланысты біз сіздерге ұсынылған

Ақмола облысы Целиноград ауданы қоғамдық кеңесі мүшелерінің әдеп қағидаларын қабылдауымыз қажет. Ереже жобасы Сіздерде бар.

Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелер этикасының қағидаларының жобасы бекітуді ұсынамын.

Қандай ескертулер, ұсыныстар, толықтырулар бар?

**Айнаш Бекбаевна Акмамбетова, Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**

Осы мәселеге қатысты менің ұсынысым бар, жалпы жұмыс барысында, отырыстарда адамның жеке басына өтпеу, болып жатқан мәселелерді интернет ресурстарға, үшінші тұлғаларға жарияламау.

**Бибигул Алпысбаевна Сабыкенова, Целиноград ауданының Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**

Бұл сұрақты қайта талқылауға салу қажет, барлық Қоғамдық кеңес мүшелері қайта қарасын, мүмкін қосатындары бар шығар. Менің осы ережеге мемлекеттік қызметкерлерге қатысты қосатын тармақтарым болады.

**Махабат Сансызбаевна Ирешова, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**

Ережеде тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік, яғни Целиноград ауданында тұрақты тұрмайтын Қоғамдық кеңес мүшелеріне қатысты тармақ бар. Осы мәселені де талқылау қажет.

**Байдильдина Жанар Еркиновна, Целиноград аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі:**

Ауданымызда тұрмайтын Қоғамдық кеңес мүшелері жайында келесі отырысқа ақпарат дайындау қажет.

**Төрағалық етуші М.С. Ирешова:**

Келесі отырыста Целиноград ауданының **Қоғамдық кеңес мүшелерінің әдеп қағидаларын бекіту** және әдеп қағидаларына сәйкес келмейтін мүшелерді құрамнан шығару туралы сұрақтарды қарастыру жөнінде **ұсыныс түсті.**

Осы ұсыныс үшін дауыс берулеріңізді сұраймын.

Кім қолдайды? Кім қарсы? Қалыс қалды? Ұсыныс қабылданды.

**Төрағалық етуші М.С. Ирешова:**

**Құрметті ауданның Қоғамдық кеңесінің мүшелері!**

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралды! Кімнің ескертулері, ұсыныстары болады? Жоқ.

Бұл ретте Қоғамдық кеңестің отырысы жабық деп жарияланады.

Баршаңызға қатысқандарыңыз үшін алғыс айтамын!

**Целиноград ауданы**
**Қоғамдық кеңесінің**
**төралқа мүшесі** **М. Ирешова**

# Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің отырысына қатысқандардың тізімі

**Ақмол ауылы** **28 тамыз 2026 жыл**
**сағат 15-00**

| № п/п | Тегі, аты, әкесінің | Атқаратын лауазымы | ескерту |
|---|---|---|---|
| **Төралқа** | | | |
| 1 | Ирещова Махабат Сансызбаевна | Целиноград ауданының «Жастар ресурстық орталығы» КММ директоры | |
| **Целиноград ауданы Қоғамдық кеңесінің мүшелері** | | | |
| 2. | Акмамбетова Айнаш Бекбаевна | Кәсіпкер. Целиноград ауданы Аналар кеңесінің төрағасы | |
| 3. | Байдильдина Жанар Еркиновна | «Целиноград ауданының ішкі саясат бөлімі» ММ басшысы | |
| 4. | Сабыкенова Бибигул Алпысбаевна | Ақмола облысының қоғамдық белсендісі | |
| 5. | Шаяхметова Айгерим Кабылбековна | Целиноград ауданының Қоғамдық белсендісі. Талапкер ауылының белсенді тұрғыны | |
| 6. | Хасенова Алия Эпсаттовна | Ақмол ауылының белсенді тұрғыны | |
| 7. | Хасенова Жанар Науановна | Кәсіпкер. «Маймина» ҚҚ басшысы, «Әділет» партиясы Целиноград аудандық филиалының төрағасы | |
| 8. | Утегенова Айкерим Жаксыкельдиновна | Резервтер тізімінен кандидат | |